

## **Студенттердің тәрбиелік жұмысының өзекті мәселелері**

2015 жылдың 3 ақпаны күні «Студенттердің тәрбиелік жұмысының өзекті мәселелері» тақырыбында семинар өткізілді. Семинардың мақсаты - заман талабына сай білікті мамандарды дайындау барысында куратордың міндетін анықтау. Семинарды «Философия» кафедрасының аға оқытушысы А.Ж. Ерманов өткізді.

Семинарда студенттерді заман талабына сай бейімделген, психологиялық жағынан дайындалған, жоғары білімді де білікті бәсекеге қабілетті болашақ маман екендігін, сонымен қатар, жастардың жағымды жақтарын және кемшіліктерін талқылады. Олардың ұжымда жұмыс істеу қабілеті, үздіксіз білім алуы, ғылыми талпынысы, шығармашылық сияқты қабілеттерін дамытуда кураторлардың рөлінің маңыздылығы айтылды.